

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

20 НАУРЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№31 (23 500)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Сіздерді келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ежелден келе жатқан бұл мереке бүгінде біздің ұлттық құндылықтарымыз дәріптелетін, жаңартатын елеулі күнге айналды. Жыл басы Наурыз мерекесі жаңа өмірлік кезеңнің басталуын, табиғаттың оянуын және жақсылық пен берекенің салтанат құруын білдіреді.

Наурыз ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлер мен ұлттық болмысымыздың тарихпен етене байланысып жатқанын көрсете отырып, барлығымызды біріктіре түседі.

Күн мен түннің теңелуі тепе-теңдік пен үйлесімділік әкелетін бұл күні біз өткенімізді бағамдап, болашаққа үмітпен қараймыз. Наурыз бізді жаңа жетістіктерге, бірлік пен өзара түсіністікті нығайтуға, ортақ мақсаттар мен жетістіктерге жұмылуға үндейді.

Әз Наурыз мерекесі әр үйге жылылық пен бақ-береке, баршаңызға денсаулық, амандық пен құт дарытсын.

Шаңырақтарыңыздан шаттық кетпесін. Наурыз еліміз үшін өркендеу мен дамудың символына айналсын!

Мереке құтты болсын, қымбатты жерлестер!

Ермағанбет БОЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының
әкімі

Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

Наурыздың шапағаты, Рамазанның шарапаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысында «Қадірлі қауым! Бүгін – Аман күні. Сондықтан, баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн – әз Наурыздың бастауы. Еліміздің төл мерекесі биыл да қасиетті Ораза айына орайлас келіп отыр. Қастерлі мейрамдарымыз халқымызды игі амалдар жасауға үндейді. Асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді», – деген құттықтау сөзінде бұл күннің әз Наурыздың нышаны ретінде ерекше маңызға ие екенін атап өтті.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наурыздан наурызға дейін

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің төл мерекесінің қасиетті Ораза айымен тұспа-тұс келуін игі амалдар жасауға шақыратын рухани үндестік ретінде бағалады. Халықтың асыл қасиеттерін дәріптеудің, ұлттық бірлікті нығайтудың маңыздылығын айта келіп, ынтымақ пен татулықты сақтау – қоғамның ортақ

міндеті екенін ерекше атап өтті. Наурыз халқымыз үшін ерекше мәнге ие. Қасиетті ай мен ұлыстың ұлы күні рухани тазару мен ұлттық бірліктің символына айналып, игі амалдар жасауға, жақсылық пен мейірімділікке үндейді. Бұл кезең – береке мен бірлікті арттырып, қазақтың салт-дәстүрі мен асыл құндылықтарын дәріптеуге мүмкіндік беретін айрықша уақыт.

Өткен жылға өкпе жоқ. Бытыр облыс бірнеше маңызды жетістікті еншіледі. Экономикалық даму қатарында өнеркәсіп

өндірісінің көлемі 3,1 триллион тенгеге жетіп, 1,5 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс 6,3 пайызға артты. Облыс экономикасына 522,2 миллиард тенге инвестиция тартылып, көрсеткіш 8,5 пайызға көбейген. Әлеуметтік инфрақұрылым бағанында «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 41 ауылдық елдімекенде жолдар жөнделіп, су құбырлары мен әлеуметтік нысандар салынды. Білім беру саласында алты мектеп, оның ішінде төрт «Жайлы мектеп» шәкірттеріне есігін айқара ашты.

► 5-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Бейбарыстың белесі

Қарағандылық оқушылар халықаралық және республикалық олимпиадаларда бақ сынады. «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернатының II сынып оқушысы Бейбарыс Жеңісбек екі халықаралық – Азия-Тынық мұхиты және «Жібек жолы» математикалық олимпиадаларының жүлдегері атанды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кеткен жөн, XXXVII Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасы анағұрлым ауқымды сипатқа ие. 40-қа жуық елдің ғылым саласындағы әуесқойлары сайысқа түседі. Зияткерлік жарысқа қатысушылардың пікірінше, тапсырмалар бойынша екі олимпиада да ұқсас. Тек оларды шешуге бөлінген уақытта ғана айырмашылық бар.

– Екі олимпиаданың ішінде Азия-Тынық мұхиты олимпиадасы қиынырақ болды. Біріншіден, тапсырмаларды шешуге аз уақыт беріледі, бес тапсырма бар, ал, «Жібек жолында» төртеу. Сонымен қатар, екінші тапсырманы шешу оңайға түспеді және оны егжей-тегжейлі жазу қажет болды. Соңғы 10 минут қалғанда шештім. Ал «Жібек жолында» тапсырмаларға тым көп уақыт жұмсадым. Екі сағатқа жуық уақыт кетті, – деді Бейбарыс Жеңісбек.

Олимпиада қорытындысы бойынша Бейбарыс облыстың қоржынын екі қола медальмен толықтырды. Ол Kaist (Кореядағы беделді жоғары оқу орны) computer science мамандығына түсу арқылы өзінің білімі мен математикалық дағдыларын одан әрі дамытуды жоспарлап отыр.

Математика – нақтылыққа және жылдам ойлауға үйрететін ғылым. Бұл салаға өмірін арнауды мақсат тұтқан жан үнемі білімін жетілдіріп отыруы тиіс. Өйткені, ғылымның заманауи талаптары жылдам ауысып жатыр. Ауқымды білім додасында алғырлығын танытқан жерлесіміздің болашақта аталған ғылым саласының майталман білгірі болып қалыптасарына сенім мол.

Сән мен мәдениет симбиозы

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың ою-өрнекке көмкерілген киімі – бір дәуірде тұтас, мызғымас өркеніет қалыптастырғанымыздың айқын дәлелі іспеттес. Дала төсінде тамыр жайған мәдениеттің бір жарқылы, ажырамас бөлігі. Еңселі, жігерлі, нықты жігіттің, сұлу, көркем мінезді, қылықты қыздың ажарын ашады. Ұлттық киім ескірмейді, сәннен шықпайды. Қарасаң, көз тояды, көңіл марқаяды. Базары тарқамаған дархан һәм мәрт көңіл қазақтың мақтанышы. Ою-өрнегі – өзінің дүниетанымымен егіз. Тылсымның тілін ұққан бабам дәуір сүрген ұлы даламның сәні осындай. Шертте күйге толғанған, асқақ әнге жүрегі тебіренген, сөзді қастерлеген қазақ жанының көрінісі дерсің.

Ұлттық киімді ұлықтау мақсатында Кеншілер мәдениет сарайында «Наурыз – fashion» деп аталған этно-заманауи киімдер фестивалі өтті. Бұл – Наурыздағы онкүндіктің шарапаты.



► 8-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Түлектерге тың мүмкіндік

Қарағанды индустриялық университеті мен Теміртау кәсіптік-техникалық колледжі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл келісім сұранысқа ие мамандарды даярлауға және студенттер мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға көмектеседі. Жұмысшы мамандықтар жылында бұл бастама өзекті болып отыр.

Кездесуде оқу орындарының басшылары үйлестірілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу, студенттер мен оқытушылар алмасу, ғылыми зерттеулер мен білім беру жобаларын жүргізу сияқты бірлескен жұмыстардың әлеуетін де талқылады.

– Қарағанды индустриялық университетімен ынтымақтастық



бізге жаңа мүмкіндіктер береді. Университет оқытушыларының қатысуымен қонақ дәріс, семинар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру жоспарда. Сонымен қатар, ҚарИУ кафедралары меморандум аясында колледжіміздің түлектерімен кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізеді, – деді Теміртау кәсіптік-техникалық колледжінің директоры Мәди Төлеуғазы.

Университетте сапалы оқу үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда заманауи инфрақұрылым, ғылыми-зерттеу зертханалары, электрондық ресурстар және тәжірибелі оқытушылар жұмыс істейді. Осының бәрі заманауи еңбек нарығының талаптарына сай келетін мамандар шығаруға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Жағдай жіті назарда

Қарағанды облысында су тасқынының алдын алу мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары іске асырылуда. Бұл шаралар су тасқынының қауіпін азайту және облыс тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолға алынған. Облыс әкімдігі мен төтенше жағдайлар қызметі бірлесіп, алдын алу жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ, маңызды су қоймалары мен өзендердің деңгейі тұрақты бақылауда.



Салтанат ІПІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев және облыстың төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Марғұлан Аманбаев Бұқар жырау және Абай аудандарындағы Нұра және Шерубай-Нұра өзендерінің арналарының бойындағы аумақты тікұшақпен тексерді. Бұл сапар барысында су тасқынының алдын алу шаралары мен өзен арналарындағы жағдайлар бағаланды. Одан бөлек, Павлодар облысымен шекаралас Ақжар бөгеті де назарға алынды. Қазір су қоймасы қысқы режимде жұмыс

істеп тұр. Бұл су қоймасының жағдайы мен ықтимал тәуекелдерді талқылау мақсатында Ермағанбет Қабдулаұлы мен Павлодар облысының әкімі Асан Байханов арасында келіссөздер жүргізілді. Тараптар су қоймасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су тасқынының алдын алу шараларын үйлестіру бойынша бірқатар ұсыныстар мен шараларды қарастырды. Жалпы, Қарағанды облысы бойынша су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда. Атап айтқанда, өзен арналарын, арықтарды және дренаждық жүйелерді тазалау жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұқар жырау, Нұра

және басқа да аудандарда өткен күндері каналдар мен су өткізу құбырлары тазартылды. Бұл жұмыстардың мақсаты – еріген қар суының кедергісіз ағуын, тасқының алдын алу. Одан бөлек, қар шығару жұмыстары жүргізіліп, су тасқынының алдын алу мақсатында арнайы жоспар құрылған болатын. Су тасқыны болуы ықтимал аймақтарда сақтық шаралары күшейтіліп, алдын ала әрекеттердің барлығы мұқият жоспарланып, жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, су қоймаларына тасқын суларды қабылдау үшін қажетті көлемнің қорын құруға мүмкіндік беретін облыстың ірі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

су қоймаларынан суды алдын ала ағызу жүргізіледі. Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің басқарма бастығы Қанат Ысқақов өзендердегі мұз жару жұмыстары туралы айтып берді. Бұқар жырау, Нұра және Абай аудандарында су тасқыны қаупі бар бес өзен учаскесінде дәл осы жұмыстар жүргізілуде. Оның жалпы ауданы – 4500 шаршы метр. Су тасқыны қаупі бар елді мекендерде қауіп-қатерді азайту үшін 65 шақырымнан астам қорғаныс үйінділері тұрғызылып, нығайтылғанын айту керек. Ал, 18,5 шақырым учаскеде өзен арналарын санациялау жүргізілді. Республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 75 учаскесінде су өткізу қабілеті ұлғайтылған. Қазіргі уақытта екі миллион текше метрге жуық қар шығарылды. Су бұру каналдары мен арықтарын орнату және тазалау жалғасуда. Бұқар жырау, Шет, Қарқаралы және Ақтоғай аудандарында ТЖД күштері мен әскери қызметшілер тартылған. Жағдай тұрақты бақылауда. Облыста су тасқынына қарсы іске қимыл жөніндегі жедел штаб іске қосылғанын айту керек.

Сурет облыс әкімінің сайтынан алынды

Тұқым станциясы жасақталады

Қарағанды облысында орман өсіру және өсімін молайту бойынша кешенді жоспар іске асырылуда. Оның аясында өңірде орман тұқымы станциясы құрылмақшы. Жоспар бойынша 2027 жылға дейін 2 310 гектар жерге 7 млн көшет егілуі тиіс.



ашылығы жүйесінде 1977 жылдан еңбек етіп келемін. Бұрынғы мен қазіргі жағдайды салыстыра аламын. Қазіргі уақытта орман мекемелерінде мамандандырылған техника бар, ережелер сақталуда. Орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекақысы ұлғайды, кадрлардың көшуі қысқарды. Ма-



Сурет аймақ басшысының сайтынан алынды

еу жоспарланған. Үйенкі, қарағай ағаштары отырғызылды.

Орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасы нығайғаны атап өтілді. Мемлекеттік орман қорында ғылыми-ізденіс жұмыстары жүргізілді. Облыста алты жаңа орман өрт сөндіру станциясы пайда болды. Биыл да осындай құрылыс салу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, орман өрттерін ерте анықтау жүйелері орнатылды.

Энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың мәліметінше, аймақтық көгалдандыру жоспары бойынша және жасыл белдеу құру үшін биыл қалалар мен аудандарда 54 мыңнан астам ағаш егу жоспарланған.

Тәжірибелі орман өсіруші Валентина Лузина көгалдандыру жұмыстары туралы өз пікірімен бөлісті.

– Мен орман шару-

мандардың жұмысы үйлесімді. Саран, Шахтинск, Абай, Қарағанды маңында жасыл аймақ құрылуда. Мұның бәрі облыстағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған, – деп атап өтті орман шаруашылығының ардагері.

Өңірді көгалдандыруға еріктілер белсенді қатысуда. Еріктілердің бірі – Михаил Горбов «Қарағанды-Астана» тас жолының бойына ағаш етуге қатысатыны туралы айтып берді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев көшет материалдарының сапасын қадағалауды тапсырды.

– Мемлекет басшысының ел бойынша 2 млрд ағаш егу жөніндегі тапсырмасын орындау үшін облыста 2021-2027 жылдарға арналған өсімін молайту және орман өсіру жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Ауа райы тұрақталғаннан кейін біз оны жүзеге асыруды жалғастырумыз керек, – деп атап өтті өңір басшысы.

Өз тілшімізден

Қауіп қайтсе сейіледі?

Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асановтың қатысуымен облыстың төтенше жағдайлар департаментінің техникалары мен өңірлік бөлімшелерінің дайындығы тексерілді. Бұл шаралар көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында жүргізіліп отыр.

Салтанат ІПІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Марғұлан Аманбаев пен Бауыржан Қоңырбайұлы төтенше жағдайлар департаменті және «Орталық» өңірлік қолбасшылығының күштері мен құралдарының көктемгі су тасқынына дайындығын тексерді.

Облыстық ТЖД техникалары мен жабдықтарының жай-күйі тексеріліп, су тасқыны кезінде жедел әрекет ету үшін дайындықтары бағаланды. Сондай-ақ, өңірлік бөлімшелердің күштері мен құралдарының үйлесімді жұмыс істеу қабілеті сыналды. Су тасқынының алдын алу шаралары аясында техниканың, сондай-ақ, қажетті материалдардың жеткілікті мөлшері мен сапасы анықталды.

Қузырлы орган су тасқынының ықтимал тәуекелдерін ескере отырып, осы бағыттағы жұмыстарды қатаң бақылауда ұстап келеді.

Облыста су тасқынының алдын алу жұмыстарына жалпы 122 бірлік техника жұмылдырылды. Оның құрамында 52 автокөлік, 11 қайық және 59 су сору техникасы бар.

Бұл техникалар су тасқыны кезінде жедел әрекет ету үшін қажетті құралдарды қамтамасыз етуге және қауіпті аймақтардағы жағдайды бақылауға бағытталған.

Жалпы, өңірлік бөлімшелерді дайындауға ерекше назар аударылу екенін айту керек. Қарқаралы, Ақтоғай, Шет және Осакаров аудандарына бөгеттер мен бөгет құрылыстарын нығайту, су бұру арықтарын тазартуға қосымша техника мен құтқарушылар жіберілді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Төтенше жағдайлар департаменті мен өңірлік бөлімшелердің үйлесімді жұмысы, техниканың толық дайындығы облыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ұлттық жоба ұтымды

Қазіргі уақытта облыстың ауылдық елді мекендерінде жеті аудандық аурухана, төрт ауылдық аурухана, 59 дәрігерлік амбулатория, 49 фельдшерлік-акушерлік пункт және 136 медициналық пункт бар. Былтыр «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 26 жаңа медициналық нысан ашылды. Президент тапсырмасымен қолға алынған жоба ауыл халқының сапалы медициналық көмек алуына, қала мен ауыл арасындағы сапалық алшақтықты жоюға бағытталған.



Биыл 66 медициналық нысанның құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Оның дайындық жұмыстары былтыр қолға алынған. Жалпы, 2026 жылға қарай өңірдегі ауылдық медициналық ұйымдардың 52%-ы жаңартылады.

Өңірлік бағдарлама аясында 2033 жылға дейін тағы 20 нысанның құрылысы жоспарланған. Атап айтқанда, бір ауылдық аурухана, үш дәрігерлік амбулатория, төрт фельдшерлік-акушерлік пункт және 12 медициналық пункт бой көтереді. Өткен жылы үш аудандық аурухана 368 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізілді. 2025-2026 жылдары 282 млн теңгеге тағы бір аурухананы жөндеу жұмыстары жоспарланған.

Медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін әр ауданда жылжымалы дәріхана пункттері жұмыс істейді. Төрт өңірде жылжымалы медициналық кешендер, емдеуді қамтамасыз ету және шалғай елді мекендерде көмек көрсету қолданылады. Телемедицинаны дамыту шалғайдағы аудандардың тұрғындары үшін консультациялық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік бе-



реді. Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі 38%-ға өсіп, 38 мыңнан астам осындай көмек көрсетілді. MED365 жобасы шеңберінде 91 ауылдық елді мекенде мобильді кешендер орнатылды. Олардың көмегімен бір жыл-

да 45 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Кадр мәселелерін шешу үшін әкімдіктермен және бейінді ұйымдармен бірлесіп мамандарды тарту бағдарламасы іске асырылуда. Ауылдық жерлерге келген дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер

көтерме жәрдемақы, қызметтік тұрғын үй алады, оқудан және тағылымдамадан өтеді.

2024 жылы ауылдық жерлерге жұмысқа 210 жас маманның 106-сы жіберілді. 63 маманға 407 млн теңге көлемінде



көтерме ақы төленді. 2025 жылға бұл мақсатқа 419 млн теңге қарастырылған. Бұл қаражат тағы 70 маманды тартуға мүмкіндік береді. 2024 жылы 200 пәтер берілсе, оның 54-і ауылдық жерлерде. Осы жылы Нұра ауданында 14 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Қосымша «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы іске асырылып жатқанын айта кету керек. Оның шеңберінде ауылдық жерге келген 106 маманның барлығы көтерме жәрдемақы алды. 40 маман 2 500 АЕК сомасына тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредитті пайдалану мүмкіндігін алды. Қайта даярлау бағдарламасы аясында 106 маман шетелде оқытылды, оның 25-і ауылдық ұйымдардан шыққандар.

Ауылдық денсаулық сақтауды дамыту – бұл медициналық көмектің сапасын арттыру ғана емес, сонымен қатар, ауыл елді мекендер тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру. Жүргізіліп жатқан жұмысқа қарамастан, жүйелік сын-қатерлер кадр саясатын, технологиялық инновацияларды және тұрақты қамтамасыз етуді қоса алғанда, кешенді тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА, Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

Суреттер денсаулық сақтау басқармасынан

Ұлттық ойынның ұпайы түгенделеді

20 наурыз –



ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

2000 жылы Қарағандыда облыс әкімінің шешімімен Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ашылған болатын. Содан бері ұлттық спортты дамыту жолында жұмыстар атқарылуда. 2018 жылдың 16 наурызында Тәттімбет көшесінде орналасқан спорт кешені осы спорт мектебінің пайдалануына берген болатын. Қазір сол кешені ел чемпиондары шықты. Содан бері жөндеу көрмеген ғимаратқа өткен жылы облыстық бюджеттен 38 млн. теңге бөлінген еді. Нәтижесінде, ғимарат қалыңа келтіріліп, келушілерге жағдай жасалды. Бүгінде өңірдегі ұлттық спортты дамыту облыстық мәслихаттың ерекше бақылауында. Сондықтан, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов әріптестерімен бірге аталған спорт мектебіне барып, жұмыс барысымен танысып қайтты. Әрі спорт кешенінің тиімділігін арттыру, түрлі турнирлер өткізіп, спортшыларды қолдау мәселелерін талқылады.



Өкінішке орай, ғимарат күні бүгінге дейін электр қазандығымен жылыды. Орталықтандырылған жылу желісіне қосылмаған. Ол үшін қаржы керек. Одан бөлек, орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылу үшін рұқсат та қажет. Ай сайын жылуға төрт миллион теңге төлеп отырмыз. Қыста электр қазандығымыздан ақау шығып, істемей қалды. Оны жөндеу үшін маман іздеп, әзер таптық. Бүгінде электр қазандықтарын жөндейтін маман жоқтың қасы. Біз балалармен жұмыс істейтін болғандықтан электр қазандығы аса қауіпті, – деді «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Төлеутай Мансұрбай.

бес тобы бар. Әр топта бес балағиңге дейін электр қазандығымен жылыды. Орталықтандырылған жылу желісіне қосылмаған. Ол үшін қаржы керек. Одан бөлек, орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылу үшін рұқсат та қажет. Ай сайын жылуға төрт миллион теңге төлеп отырмыз. Қыста электр қазандығымыздан ақау шығып, істемей қалды. Оны жөндеу үшін маман іздеп, әзер таптық. Бүгінде электр қазандықтарын жөндейтін маман жоқтың қасы. Біз балалармен жұмыс істейтін болғандықтан электр қазандығы аса қауіпті, – деді «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Төлеутай Мансұрбай.

Қазіргі таңда осы спорт түріне қызығушылық танытып жатқан жастардың қатары артып келеді. Былтырдан ғана сабақ беруіме байланысты оқушыларым турнирлерге қатыспады. Бірақ, жақын арада Оралда Қазақстан чемпионаты өтеді. Сол турнирге Каусар Дүйсебекова, Мирас Аманжол, Айзере Кәріғұл, Алдияр Амантаев сынды ойы ұшқыр шәкірттеріміз дайындап жатырмын, – деді Ернұр Саматұлы.

Атшабар алаңы оқушылар игілігіне

Жөндеу жұмыстары кезінде Штурманская көшесіндегі атшабар алаңы да жанартылған. Алаң күреліп, жаңадан құм төселіпті. Әрі тозығы жеткен атқоралар сүріліп, газоблоктан қайта тұрғызылған. Бүгінде мұнда 20 ат бар.

– Комерциялық бағытта жұмыс істеуге тыйым салғанбыз. Қазір атшабар алаңы тек үйірме қатысушыларына ғана арналған. Садақ ату, жамбы ату үйірмесі спорт кешенінде өтіп жатыр. Күн жылынған уақытта оқушылар арасында келіп дайындалады. Дегенмен, жамбы атқанда алаң тарлық етеді. Алдағы уақытта алаңды үлкейтсек пе дейміз, – деді Төлеутай Бейсенұлы.

Бүркітті Төлеген Махамбетшин осы ат спорты мектебінде талай жылдан бері құсбегіліктен жаттықтырушы. Қазіргі таңда 10-18 жас ерекшеліктеріне қарай төрт топқа сабақ беріп жүр. Бір келгенде сегіз бала екі сағаттан дайындалады. Спорт мектебінде тиесілі бір бүркіт және бір қаршыға бар екен.

– Сабақ барысында күспен қалай жұмыс істеу керектігін және қауіпсіздік ережелерін үйретемін. Демалыс күндері тауға барып, құсты ұшырып үйренеміз. Әр топтадан үздік оқушыларым бар. Биыл Жандәулет есімді оқушымыз республикалық байқаудан III орын иеленді. Жалпы, жастардың ұлттық спортқа қызығушылықтары жыл сайын артып келеді. Әсіресе, ат спортына, жамбы атуға, садақ ату сынды спорт түрлеріне әуес. Ал, құсбегілікке қызығатындардың қарасы аз. Ауылдық жерлерде құсбегілікке үйрететін үйірмелер ашуымыз керек. Себебі, бұл спортқа ауыл жастарының икемі бар. Жалпы облыста 22 бүркіт бар екен. Оның бәрі жеке меншікте, – деді Төлеген Әбдікәрімұлы.

Айта кетейік, біршама уақыттан бері облыстық ұлттық және ат спорты ассоциациясына облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов жетекшілік етеді. Мәслихат депутаттарымен бірлесіп аталған спорт мектебінің жағдайымен танысып, ондағы мәселелерді көзбен көріп қайтты. Әрі спорт кешенінің тиімділігін арттыру мақсатында атқарылатын жұмыстарды пысықтады. Спорт кешенінде түрлі деңгейдегі турнирлерді өткізу мәселесі де көтерілді. Сонымен қатар, спортшыларды қолдау шаралары да жолға қойылмақ.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кешен келешек чемпионы тәрбиелейді

Мектепте жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, тоғызқұмалақ, аударыспақ, құсбегілік, көкпар, бөйге және асық ату сынды спорттың сегіз түрі қамтылған. Қазіргі уақытта 415 бала осы спорт түрлерімен шұғылданады. Бүгінде мектепте жалпы саны 17 жаттықтырушы бар. Одан бөлек, 14 қызметкер әкімшілік бөлімде жұмыс істейді. Мектеп ашылғаннан бері 20 спортшы спорт шеберлігіне үміткер атағын иеленген. Ал, жамбы атудан Нұрасыл Оралхан есімді жас спортшы – Ұлттық құрама сапында өнер көрсететін жалғыз мерген.

Тәттімбет көшесінде орналасқан спорттық сауықтыру кешенінің жалпы ауданы – 1060 шаршы метр. Одан бөлек, Штурманская көшесінде атшабар алаңы да бар. Оның ауданы 0,3044 гектар жерді алып жатыр. Былтыр қос кешенге мемлекеттік сатып алу хаттамасына сәйкес «Magnus» ЖШС 38 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізген. Десе де, күрмеуі шешілмей тұрған бір мәселе бар.

– Бұған дейін ғимараттың қабырғалары суық еді. Жөндеу жұмыстарынан кейін бәрі оңалды. Төбесі толық жаңартылып, дәліздер боялды. Есік-терезелері, шомылтатын бөлмелері толығымен жаңартылды. Ғимараттың сырты темір сайдингпен қапталды.



Нұркен Кобжанов өз сөзінде аталған мәселені шешуге уәде берді. Әуелі жоба құжаты әзірленіп, кейін «Қарағанды Жылу-Сбыт» ЖШС-нан рұқсат алмақ.

Ұлы дала ойыны – ұрпаққа аманат


Қазіргі уақытта жамбы ату үйірмесі аталған спорт кешенінде өтіп жатыр. Жалпы, мектепте жамбы ату және дәстүрлі садақ ату спорт үйірмесінен жеті жаттықтырушы бар. Солардың бірі – Талғат Омарбаев. Өзі 2014 жылдан бері ат үстінде садақ атумен айналысып келеді. 2018 жылы ел чемпионатында топ жарған жүйрік. Қазіргі уақытта шәкірт тәрбиелеп, ұлттық спортты дамытуда өзіндік үлес қосып келеді. Талғат Омарбаевтың тікелей өзі жаттықтыратын

Жамбы атудан ел чемпионы әрі «Тайтұяқ» жүлдесінің иегері Нұрасыл Оралхан – Талғат Омарбаевтың төл шәкірті. Жас спортшының спортқа келгеніне үш жылға жуықтапты. Тынғылықты дайындықпен ептіліктің нәтижесінде жеткен жетістіктері де бір төбе. Былтыр Көкшетауда өткен ел чемпионатында мергендігімен көзге түсіп, қарсыластарынан оқ бойы алға шыққан.

– Кішкентаймынан ат спортында жүргеннен болар, қызығушылығым сол уақытта оянды. Өзім шабандоз болғанмын. Әкем де садақ атумен айналысады. Бірақ, кәсіби тұрғыда алып кеткен жоқ. Әкеме еліктеп мен де осы спорт түріне келдім. Келешекте байрақты бәсекелерден топ жарып, көк Туымызды желбірету – арманым. Әрі шәкірт тәрбиелеп, ұлттық спорт түрін кеңінен насихаттағым келеді, – дейді мерген.

Спорт мектебінде тоғызқұмалақ үйірмесінен сабақ беретін бес жаттықтырушы бар. Солардың бірі – Ернұр Кәріғұл. Өзі тоғыз жасынан тоғызқұмалақ ойнайды екен. Облыстың бірнеше дүркін чемпионы. Сонымен қатар, 2023 жылы Көкшетауда ерлер арасында өткен ел чемпионатында командалық сайыста сынға түсіп, жеңімпаз атанған. Өзі спорт мектебіне былтырғы оқу жылында келіпті. Қазіргі таңда 12 баладан бөлінген екі топқа сабақ береді.

– Тоғызқұмалақ – көне спорт түрінің бірі. Баланы ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуға таптырмас ойын. Әрі шыдамдылыққа, есепті оңай шешуге үйретеді.



• НАУРЫЗ – ЛЕБІЗ

Төрлет, төл мейрам!



Наурыз – көктемнің, жаңарудың және берекенің бастауы. Бұл мейрам халықты татулық пен бірлікке үндеп, болашаққа деген сенімді нығайтады. Кәсіпкерлік қауымдастық үшін де бұл – жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, өркендеуге бастайтын ерекше кезең.

Осы шуақты мерекеде әр отбасыға молшылық, табыс пен береке тілеймін. Ел дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің ісі өрге басын, жұрттымыздың ырысы мен ынтымағы арта берсін!

Наурыз әрбір шаңыраққа қуаныш пен жақсылық әкелсін! Жаңару мен мол мүмкіндіктер кезеңі сәттілік пен табысқа жетелесін. Ел іргесі берік, кәсіп өрісі кең, болашағымыз жарқын болғай! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Зор құрметпен,
Серік САНАУБАЕВ,
«Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

«Наурыз жұмыскер» баспана береді

«Наурыз жұмыскер» бағыты бойынша ипотекаға өтімдер қабылдау басталды. Оны іске асыру үшін Отбасы банк 72 млрд теңге бөледі. Бағдарламаға қатысу үшін банк филиалына барып, төлем қабілеттілігін растау қажет.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарламаға ауыл, орман және балық шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі және қару-жара өнеркәсібі, электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, құрылыс, тасымалдау және сақтау салаларының жұмыскерлері қатыса алады.

Ең алдымен, әр азамат өз кәсібінің банк сайтындағы жұмысшы кәсіптері атауларының тізімінен табуы қажет. Ол жұмыс істейтін ұйым, компания немесе кәсіпорын Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші тізімінде болуы тиіс. Осы жағдайда жұмыс орнынан банктік үлгі бойынша анықтамалық алып, банк бөлімшесіне барлады.

Несие мөлшерлемесі – әлеуметтік осал топтар үшін жылдық 7%, ал, басқа барлық санаттар үшін 9%. Бастапқы жарна мөлшері де екі түрлі. Таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үй үшін 10%, әрленбеген бастапқы тұрғын үй немесе қайталама нарықтағы тұрғын үйге 20% жарна керек. Астана Алматы қалалары үшін 36 млн теңге, өңірлер үшін 30 млн теңгеге дейін қарыз беріледі. Қатысушылардың баспана тауып алуына 6 ай уақыты бар. Ескерер жайт, Астана, Алма-

ты, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында тек бастапқы тұрғын үй сатып алуға болады.

«Отбасы банкінің» мәлімдемесі бойынша өтінім берушіде осы банкте депозит болуы керек. Депозит мерзімі маңызды емес, оны өтініш берер алдында ашуға болады. Дәл сол секілді шотта болуы тиіс кемінде 2 млн теңгені де өтініш берер алдында бір реттік төлеммен салуға рұқсат. Соңғы бес жыл ішінде өтініш берушінің өзі мен оның отбасы мүшелерінің меншігінде тұрғын үй болмауы және соңғы алты айда ресми табысының болуы – бағдарлама қатысу талаптарының бірі.

«Наурыз жұмыскер» бағдарламасы бойынша өтініштер 17 наурыздан бастап қабылданады. Банк дерегіне, алғашқы екі сағатта 5,5 млрд теңге сомасына 192 өтінім мақұлданыпты. Оның 18%-ы – әйелдер. Мамандықтар арасында электронтерлер, инженерлер, учаске шеберлері, слесарлар басым. Қатысушылардың орташа жасы – 30 жас.

Өтінімдерді қабылдау бөлігін қаржыландыру лимиті аяқталған сәтке дейін жалғасады. Бағдарламаға 72 млрд теңге бөліп отыр. Бұл 2 440 жұмысшы маманның баспана алуына мүмкіндік береді.

Ашық аспан астында

Наурыз мерекесіне орай урбанистика орталығы кезекті көше жәрмеңкесін ұйымдастырады. Шара 22-23 наурыз күндері сағат 15:00-22:00 аралығына жоспарланған. Ұйымдастырушылар жәрмеңкенің мерекелік атмосфераға қанық болатынын айтып, ашық аспан астындағы шараға шақырады.

«Сізді дәмді «көше», фототаспа, диджей-сет, квиз, ұлттық тағамдар, жүлделер ұтысы және тағы басқалар күтеді. Мерекеге жарқын және мәдени реңк қосыңыз! Бұл күні ұлттық костюмдер мен киім элементтерін күл көрөміз» делінген урбанистика орталығы таратқан хабарламада.

Іс-шара Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының, Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімінің және Қазыбек би атындағы аудан әкімдігінің қолдауымен өткізіледі.

Өз тілімізден

• НАУРЫЗ-ЛЕБИЗ

Жаңа өмірге қадам

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жаңа бастамалардың, ізгі үміт пен жарқын болашақтың символы. Бұл күнгі ақ тілек пен шынайы ықылас әр жүрекке мейрім отын жағып, ізгілікке жетелейді. Тарих тереңнен тамыр тартқан құндылықтарымызды сақтай отырып, болашаққа нық қадам басайық. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын!

Наурыз – көктемнің шуағы мен жаңа күннің жаршысы. Бұл мереке барша жұртты мейірім мен бірлікке үндеп, жүректен жылу сыйлайды. Ортақ дастарқан басында ақ пейілмен айтылған игі ниеттер орындалып, әр отбасының шаңырағы шаттыққа толысын. Еліміз аман, жеріміз тыныш, болашағымыз жарқын болғай!

Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, бірлік пен берекенің мерекесі. Бұл күндері барша жұрт ынтымақ пен татулықты нығайтып, ақ тілек, ізгі ниетпен қауышады. Көне дәстүріміз қайта жаңғырып, жаңа өмірге қадам басып отыр.

Осы шуақты мерекеде әр шаңыраққа амандық, ырыс-береке, молшылық тілеймін. Ел іргесі бүтін, болашағымыз жарқын болсын!

Наурыздың шапағаты әр жүрекке жылулық сыйлап, баршаға қуаныш әкелсін! Көнеден жеткен құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай. Бірлік пен бейбітшілік салтанат құрған, бақ-берекесі ортаймас Қазақстанымыз гүлдене берсін! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
Төлеген ӘШІМОВ,
Қарағанды қалалық
мәслихатының
депутаты

• НАУРЫЗ-СҰХБАТ

Көшпелінің көші қозғалған күн

«Көшпелі жұрт көшпейді енді ешқашан, Мызғып жатыр мыңжылдық қыстағында» (С.Сағынтай). Біз алып құрлықты ұсыныста ұстаған көшпелі едік. Құдайды, тұтас дүниені тануымыз отырықшы жұрттан өзгеше еді. Табиғатты, жерді «Ана» деп қастерледік. Сертке нық, антқа, аманатқа адал, уәдеге берік едік. Әулиені, аруақты сыйладық. Ала жіптен, ардан, ұяттан аттамадық. Қанның, жанның тазалығына айрықша мән бердік. Бұл күнде көп қабатты үйдің терезесінен ата-бабамыз көшкен дархан далаға, мың құбылған әлемге қарап, ойға батамыз. Наурыз мерекесі қарсаңында көшпелілер өркениеті турасында белгілі тарихшы, облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Темірғали Аршабековпен сұхбаттасқан едік.

– Темірғали мырза, көшпелінің өркениеті қандай еді? Откен өркениетімізді толыққанды біліп, танып жүрміз бе?

– Көшпелілердің өз тарихы, мәдениеті, әлеуметтік, экономикалық даму жүйесі, шаруашылығы қалыптасқан тұтас әлемі бар. 2000 жыл бойы жайылымдық мал шаруашылығы жетілдіру негізінде қалыптасты. Адамзаттың дамуы процесінде көшпелілердің тарихын ежелгі және кейінгі кезеңге бөліп қарастырады. Көшпелілер мәдениеті мыңжылдықтарда жаһан жұртының назарында болды. Көшпелілер

– Қазақ жеті атаға ерекше мән береді. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейміз. Этнографтар «Жеті атаны білуіміз – ұлттық қасиетіміз» дейді. Қасиет, дарын қанға сінеді. Қанның тазалығы – ұрпақ денінің саулығына, оның айрықша тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететінін білген. Қазақ Үш жүзден құралады. Көшпелілер үшін ру біріктіруші күш болған. Көшпелілер әлемінде рудың, жалпы шежіренің атқаратын ролі аса маңызды.

қоғамының қалыптасуы, өмір сүру шарттары мен дамуы, әлеуметтік құрылымы, мәдени, рухани даму ерекшеліктері көшпелілер өркениетін айшықтады. Дүниетаным, болмысы айрықша.

Советтік дәуірде көшпелілер мәдениетін қаралаған кереғар, жалған еңбектер лек-легімен жазылды. Әлемде екі өркениет бол-



ды бір кезеңде. Бірі – отырықшы, екіншісі – көшпелілер өркениеті. Совет үкіметінің идеологтары бұны барынша бүркемелеуге тырысты. Бодандығында болғаннан соң бізге «Тағы жұрт» деп қарады. «Тағы жұрт» деп тағы да, Таны-массың, білмесің. Себебі, мен қазақтың, «Англичанин» емеспін!» деген Қасым Аманжоловтың әйгілі өлеңі бар ғой.

Қазақтың дүниетаным мен көшпелілер өркениеті – екеуі егіз ұғым. Осы идеяны танытуда, насихаттауда халқымыздың этнографтары зор еңбек атқарды. Олар – Өзбекәлі Жәнібеков, Ақселеу Сейдімбеков, Халел Арынбаев, Марат Мұқановтар. Әсіресе, ұлт

тарихын түгендеуде, түп-тамырымызды, болмысымызды айшықтауда Ақселеу Сейдімбектің орны бөлек. Оның еңбектеріне үніленсіз, көшпелі қазақтың өнегесін түсінесіз. Мәселен, «Дат» деген еңбегі далалық ауыспа тарихнама. Хандар дәуірінен бастап, бүгінге дейін қамтылған тарих.

– Көшпелілер өркениетінің

– Қазақ жылқыны ерекше қастерлеген. Жылқы – көшпелілер өркениетінің символы болған. Сақтар дәуірінің көзінде Алтын адамдар да пырағымен жерленген. Сарыарқада жиырмадан астам тасқа қашалған тарихымыз осы сөзімізді растайды. Тастардың барлығында дерлік жылқылар бейнеленген. Көшпелілердің байлығы қазба байлық емес, жылқы.

ерекшеліктері туралы айтсаңыз?

– Қазақ жеті атаға ерекше мән береді. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейміз. Этнографтар «Жеті атаны білуіміз – ұлттық қасиетіміз» дейді. Қасиет, дарын қанға сінеді. Қанның тазалығы – ұрпақ денінің саулығына, оның айрықша тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететінін білген. Қазақ Үш жүзден құралады. Үш жүз рулардан құралады. Көшпелілер үшін ру біріктіруші күш болған. Көшпелілер әлемінде рудың, жалпы шежіренің атқаратын ролі аса маңызды.

Көшпелілер өркениетінің тарихы мал бағушылықпен тығыз байланысты. Жылқыны мындап баққан, далалық даналықты бойына сіңірген ата-бабаларымыз табиғат анамен үндестікте өмір сүрді. Еуразия құрлығында ұзақ уақыт бойы осы өркениеттің тамыры жайылды. Мысалы, Ақтоғайдағы «Бегазы – Дөңдібайға» қараңыз. Орталық Қазақстандағы ең үлкен өркениеттің ізі. Бұл – жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мәдениеттің бастауы десек те болады. Археологиялық

қазбалардан көшпелілер өркениеті осыдан екі жарым, тіпті, үш мың жыл бұрын қалыптасқанын аңдаймыз. Астеологиялық материал деген бар. Яғни, малдың сүйектері арқылы сол өркениетте мал шаруашылығына ден қойылғанын білеміз. Қазақтың байлығы – төрт түлігі. Тастарға ай мүйізді арқарды, жылқыны қашаған.

– «Жылқы – ер қанаты» дейміз. Жылқыға қатысты ән-жыр, даналық сөз көп. Көшпелі үшін жылқы қандай жануар еді?

– Қазақ жылқыны ерекше қастерлеген. Жылқы – көшпелілер өркениетінің символы болған. Сақтар дәуірінің көзінде Алтын адамдар да пырағымен жерленген. Сарыарқада жиырмадан астам тасқа қашалған тарихымыз осы сөзімізді растайды. Тастардың барлығында дерлік жылқылар

бейнеленген. Көшпелілердің байлығы қазба байлық емес, жылқы. Қазақ «Жылқы мінезді» дейді. «Ат ауыздығымен су ішкен заман» деп заман келбетін жылқымен жеткізеді. «Жылқы су ішкен жер тазар» дейді. Айта берсек, жылқы туралы мақал-мәтел, жыр, нақыл сөз, ән көп. Батырлар жырына үңіліңіз. Батырлардың тұлпарлары ғажап суреттеледі. Лияз Жансүгіровтің «Құлагерін» оқыңыз, Ақан серінің «Маңмангер» әнін тыңдаңыз. Түгендей берсеңіз, шет-шегі жоқ. Қазақта жылқыны тұлға деген бар. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Бөжейдің екі атын тұлдайды. Тұлға деген – марқұмның атын бір жыл бойы мініске пайдаланбайды. Жылдық асына арнайылап сойылады. Еті сол елдегі машһүр адамдарға ғана беріледі. Сүйектерін лақтырмай, моланың басына апарып қояды. Игорь Кукушкин деген архелог әріптесіз докторлық қорғады жақында. Ащысу мен Талды өзендерінің бойынан жерленген жылқының сүйектері табылғанын айтты. Жылқы қайтыс болған адамды келесі өмірге шығарып салады деп сенген байырғы қазақ. 20

жыл ішінде 500-ге жуық кесенені зерттедім. Ұлытаудағы Жетікыс өзенінің бойында Жайсанбай деген байдың мазары тұр. Өлер алдында өзін сол өзеннің бойына жерленгендерін қалайтынын айтқан. Өйткені, жылқыларым су ішуге келеді деген. Кесенені зерттегенде жылқы суреті қашалған бірнеше тасты көрдім. Алексей Левшин деген орыс этнографы қазақ тарихын көп зерттеген. Арқада жүргенде Орта жүздің бір байымен әңгімелескен екен. Зерттеуші байға «Сіздің 7 мың жылқыңыз бар. Осының бәрін сатсаңыз, бай болар едіңіз» дейді. Бай «Менің жылқыларым түріме ешкім қарамайды. Мынау жұрт мені есепсіз жылқым үшін сыйлайды» деген екен. Капитализмнің лебі қазақ даласына жетіп жатқан кезең болса керек. Жылқы – байлықтың белгісі.

Елтаңбамызда бейнеленген қос пырақ Ұлытаудағы Әулиеата тастарында суреттелген.

– Көшпелілер табиғаттың тілін түсінген деседі. Осы бір қырын кеңінен тарқатсаңыз?

– Көшпелілердің тағы бір ерекшелігі – табиғаттың тілін түсінуде. Туған айға, кештің багуына қарап, күн райын болжаған. Қыс қатал бола ма, жайлы бола ма, соны да алдын ала біліп отырған. Мәселен, осыдан бір апта бұрын қалың қар жауып, тіпті, боран соқты. Ел «қыс қайта келді» деп шуласты. Бұл – қыстың қайтармасы. Қазіргі кезең – алтынқүрек. Қазақ қалың қардың көбесін сөгетін көктемгі желді алтынқүрек деп атаған. Көктемді ерекше қастерлегенбіз. Өйткені, қар еріп, жер аяғы кеңігенде көшпелінің көші қозғалады.

– Көшпелінің киіз үйі қандай еді?

– Көшпелілер өркениетінің тағы бір символы – киіз үй. Киіз үйдің оннан астам түрі бар. Оңай жиналатын, түйеге арта салатын көшпелінің баспанасы. Киіз үйдің сол қанаты әйелдерге арналған. Сол жағында ыдысын жинаған. Оң жағы ерлердікі. Оң жаққа іле шығуға ыңғайлы болсын деп қару-жарақтарын қойған. Киіз үйдің өзі – жеке бір әлем. Әлі күнге дейін шаңырақты қастерлейміз. Шаңырақ осы күнде отбасы бақатының, қасиетінің, бірлік пен ынтымақтың символы.

– Сұхбаттасқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Әңгімелескен
Ерік НАРЫН
«Ortalyq Qazaqstan»

• НАУРЫЗ – МҰРА

Ғалам Наурыздың ғажабын мойындайды

Наурыз – ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізімінде. Бұған дейін көне дәстүр мен мәдениеттің бір бөлігі ретінде бүкіл әлем тойлап келгеніне қарамастан, Наурыздың халықаралық деңгейде мойындалуы, мәдени мұралар тізіміне енгізілуіне ықпал еткен – Қазақстан. 2009 жылы көтерілген бастама нәтижесінде 2010 жылғы 4 желтоқсанда ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде өткен сессияда ұсыныс қолдау тапты. Бұл шешім арқылы Наурыздың көпұлтты, көпмәдениетті сипаты және оның әлемдегі көптеген халықтар үшін тарихи және мәдени маңызды екені мойындалды.

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан өз ұсынысында Наурыздың тек бір елге ғана тән емес, бүкіл әлем халықтарына ортақ мереке екенін атап өтті. Түркі халықтары, Иран, Ауғанстан, Үндістан, Кавказ және Балқан елдерінде Наурызды тойлау дәстүрі бар.

Наурыздың ЮНЕСКО тізіміне енгізілуінің бірнеше маңызды себептері бар. Біріншіден, бұл мереке әлемнің түрлі мәдениеттерінде ортақ және маңызды рөл атқарады. Әр ұлттың Наурызға қатысты өз дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бар, алайда, олардың барлығы осы мейрамды адамзаттың бірлігі мен мәдени көпұлттылығын көрсететін құндылық ретінде қабылдайды.

ЮНЕСКО үшін Наурыз тек ұлттық немесе аймақтық мереке емес, ол көп мәдениеттің, бейбітшіліктің және өзара құрметтің белгісі. Түрлі ұлттар мен халықтардың арасында тыныштық пен келісімді нығайтуға септігін тигізетін бұл мереке мәдениеттердің өзара байланысын, үндестігін көрсетеді.

Екіншіден, Наурыз – ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр мен ха-



Коллекция жазығы А. Көктем

лық өнерінің сақталуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Одан бөлек, бұл мереке астарында бейбітшілік пен татулық идеясы жатыр.

Жалпы, Наурыз түрлі елде арқалай тойлана да, оның түп-

нұсқалық мәні бар. Бұл мереке халықтың мәдени мұрасын сақтауға, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жас ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. ЮНЕСКО да оны мұралар тізіміне енгізуде дәл осы аспектіні

ден құрметті насихаттайды. Одан бөлек, Наурыздың туризм мен халықаралық танымалдылық тұрғысынан алғанда да ролі зор. Ол ұлттық мереке болғандықтан, әлемнің түпкір-түпкірінен турист тарта-

алдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізу үшін мәдени элементтердің бірнеше негізгі шарттары орындалуы тиіс. Алдымен, мәдени элементтің немесе дәстүрдің адамзаттың мәдени және әлеу-

меттік өміріндегі ерекше маңызы болуы қажет. Одан кейін, ұрпақтан-ұрпаққа берілуі тиіс. Ұлттық және халықаралық деңгейде танылуы да аса маңызды. Қоғамдық санаға әсер етіп, тәрбиелік маңызының болуы да шарттың ажырамас бөлігі. Сонымен қатар, мәдени мұраның тарихи, мәдени және әлеуметтік маңызы туралы дәлелдер мен ғылыми зерттеулер болуы тиіс. Яғни, мұра туралы толық және нақты құжаттар, зерттеу нәтижелері мен тарихты көрсететін деректер ұсынылуы керек. Қазақстан ұсынған Наурыздың мәдени элементтері осы шарттардың бәрине жауап бергендіктен, ол ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілді.

Жалпы, ұйымның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне әлемнің түрлі елдерінен көптеген маңызды мәдени элементтер енгізілген. Олардың қатарында жапондықтардың «чай өнері», испан фламенко биі, үндістанның классикалық музыкасы, мексикалық дәстүрлі аспаздық өнері, кубаның «сон» музыкалық жанры, португалдық фаду музыкасы, Түркіменстанның дәстүрлі жылқы өнері және тағы басқалары бар.

Бұл мәдени мұралардың әрқайсысы өз елдерінің немесе халықтарының ерекше тарихи мен мәдениетін көрсетеді. ЮНЕСКО олардың маңыздылығын мойындап, оларды әлемдік мәдени мұра ретінде сақтап, насихаттауды мақсат етеді.

• НАУРЫЗ – БОЛМЫС

Әлем халықтарын әлдилеген

2010 жылы 23 ақпанда БҰҰ Бас ассамблеясы 21 наурызды «Халықаралық наурыз күні» деп бекітті. Бастамаға түркі болған Албания, Ауғанстан, Әзірбайжан, Иран, Қырғызстан, Македония, Тәжікстан, Түркіменстан, Түркия және Үндістанның ұсынысы. Олардың арасында Қазақстан да бар.



Қолында жасын А. Қосымбаев

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наурыз – халықаралық деңгейде кеңінен тойланатын мереке. Бұл мереке – табиғаттың жаңаруын, көктемнің келуін және жаңа жылдың басталуын білдіретін символикалық маңызды зор оқиға. Әр елде өзіндік дәстүрлер мен ерекшеліктері қалыптасқан. Алайда, оның негізгі мәні – достық пен бейбітшілік үндеу, мәдени алғандықты құрметтеу барлық халыққа ортақ.

Қазақстанда Наурыз кейінгі жылдары кең көлемде ұлттық мереке ретінде тойланып келеді. Мерекелік шаралар бірнеше күнге созылады, Наурызды жыл басы ретінде әспеттеп, жөн-жоралғысымен қарсы алады. Ұлттық тағам түрлеріне толы дастарқан, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар, концерттер мен театрландырылған қойылымдар – ұлттық болмыстың бүгінге жеткен көрінісі.

Түркияда Наурыз мерекесі маңызды ұлттық оқиға қатарында. Елдің әр аймағында Наурыз түрлі дәстүрлермен атап өтіледі. Түріктер бұл мерекені көктемнің келуі ретінде ғана емес, сондай-ақ, өздерінің тарихы мен мәдени мұраларын еске түсіру ретінде тойлайды.

Түркияның басты қалаларында үлкен мерекелік шаралар өткізіліп, ұлттық би мен әндер орындалады. Сондай-ақ, әртүрлі этникалық топтар мен халықтар осы күні бір-біріне құрмет көрсетіп, өзара түсіністік пен келісімнің маңыздылығын атап өтеді. Дәл сол сияқты Наурыз – Иранда да ең маңызды ұлттық мереке. Ирандықтар бұл мерекені «Хафт-Син» атты ерекше дастарқанмен қарсы алады. Онда жеті түрлі тағам қойылады, әрбірі жаңа өмірдің немесе табиғаттың қасиеттерін білдіреді.

Ауғанстанда Наурыз жаңа жылды, көктемді және табиғаттың жаңаруын білдіреді. Ауғандар бұл күні табиғатқа, егін шаруашылығына ерекше құрмет көрсетіп, табиғаттың күшін ұлықтайды. Ауғанстанның қалаларында үлкен тойлар, музыка, би және спорттық шаралар өткізіледі.

Қырғызстан мен Өзбекстанда Наурыз тойлау ұлттық тағамдар, көкпар, арқан тарту, және басқа да ұлттық ойындарды ұйымдастырумен ерекшеленеді. Мерекеден бірде-бір адам тыс қалмайды, жасы да, көрісі де көпшілік шараларға қатысады. Өзбекстанда тоқтықтың белгісі ретінде

мейрам күндері әрбір үйдің дастарханына «сумәләк» асы қойылады.

Әзірбайжандықтар үшін Наурыз көктемнің келуі мен жаңа жылды қарсы алу ғана емес, бұл сондай-ақ, халықтың салт-дәстүрлерін жаңғырту мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу кезеңі деп қабылданады. Әзірбайжанда «Наурыз шашу» деген дәстүр бар, бұл күні адамдар бір-біріне сыйлықтар береді, әндер шықпалып, ұлттық ойындар мен байқаулар өткізіледі.

Қарағанды облысындағы «Намус кз» әзірбайжан ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Гюлаға Рзаевтың айтуынша, бұл күні туыс-жақын ата үйіне жиналады, дастарқан жайылып, тек жақсы тілектер айтылады.

– Дастарқанға ең жақсы тамақтар қойылады. Әзірбайжан елінде де жеті тағамнан тұратын Наурыз көже дайындалады. Миндетті түрде «семени» – бидай өскінін қояды. Бізде мерекені «Новруз» дейді, оны тойлау Наурыз мерекесіне дейін төрт апта бұрын басталады. Мысалы, биыл 25 ақпан күні мерекенің алғашқы бөлігі тойланды. Бұл күні су басына барады. Одан от мерекесі – 4 наурыз, жел мерекесі – 11 наурыз



• НАУРЫЗ – ЛЕБІЗ

Ұлыс оң болсын!

Наурыз – ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстыратын, бірлік пен жаңаруды дәріптейтін мейрам. Бұл күн – өткенді бағалап, жаңа белестерге ұмтылатын, жақсылық пен ізгілікті дәріптейтін ерекше сәт.

Тек адамзат қана емес, табиғаттың да жасарып, бой түзейтін шағы – Ұлыстың ұлы күнінің баршамыз үшін жолы да, жөні де бөлек. «Туған ай – тураған етпен тең», әне-міне дегенше қар еріп, жылғалардан су ағып, табиғат жасарып, көктемнің саумал самалына ілесіп Наурыз да жетті. Амандық-саулық, ақ тілек, меймандостық, адалдық, молшылық, жалпы ұлтымызға тән тамаша салт-дәстүрімен паш етілетін Наурыз мейрамын өзіндік сән-салтанатымен, думанды тойымен, ән-жырымен қарсы аламыз!

Түркі тілдес халықтардың ортақ жаңа жылы – Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын! Айдай аялап, күндей күліп келген Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, молшылық пен бақ-дәулет әкелсін! Елділіміз нығайып, бірлігіміз арта берсін!

Наурыздың нұры әр үйге шапағат болып төгіліп, қуаныш пен игілік әкелсін! Бұл мереке жүректерге жылулық ұялатсын, жақсылыққа бастасын. Ұлыс оң, ақ мол болсын! Татулық пен тыныштық мәңгілік серігіміз болғай!

Ізгі тілекпен,
Меруеш БАШАЙ,
облыстық мәслихаттың депутаты,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы облыстық филиалының және «Отандастар қоры» фронт-офисінің жетекшісі

Наурыздың шапағаты, Рамазанның шарапаты

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ауыл шаруашылығы да олжасыз емес. 2024 жылы облыс рекордтық өнім алып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасын айғақтады. Фермерлер заманауи технологияларды пайдалана отырып, өнімділікті арттыруға күш салды. Ал, жаңа қоймалар мен өңдеу цехтарының ашылуы өнімді сақтау мен өңдеу мәселесін шешуге көмектесті.

Бұл жетістіктер – тек сандар мен көрсеткіштер ғана емес, халықтың әл-ауқатының жақсарғанының дәлелі. Қарапайым тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды, инфрақұрылым жақсарды, ал, кәсіпкерлер үшін жаңа нарықтар пайда болды. Мұның барлығы елдің өсіп-өркендеуіне қосылған үлес. Алдағы уақытта облыс бұл қарқыннан таймай, жаңа белестерді бағындыруды мақсат етіп отыр. Өңірдегі инвестициялық жобалар, инфрақұрылымды жетілдіру, білім мен денсаулық сақтау салаларын дамыту күн тәртібінде тұр. Бұл жоспарлар Наурыздың, шын мәнінде, жаңару мен өрлеу кезеңі екенін тағы бір дәлелдейді. Сонымен, наурыздан наурызға дейін жарқын болашаққа қадам басқан қазыналы аймақ бұдан да зор жетістіктерге жететініне сенім мол.

Бастамалар бастауында

Президент Ұлттық Құрылтайдың кезекті отырысын өз Наурыз мерекесіне орайластырғаны көп жайды аңғартатындай. Бұл шешімнің символдық мәні зор. Наурыз – жаңару мен бірліктің мерекесі, ал, Ұлттық Құрылтай – елдің болашағы жайлы маңызды шешімдер қабылданатын алаң. Демек, бұл отырыс халықтың бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталғанын аңғартады. Көктеммен бірге жаңа бастамаларға жол ашу – наурыз мағынаға ие қандам.

Президенттің бұл таңдауы елдің саяси өміріндегі сабақтастық пен рухани жаңғыруға деген ұмтылысты көрсетеді. Ұлттық мүдде мен дәстүр сабақтастығы үйлесім тапқанда, тұрақтылық пен даму да берік негізге сүйенетіні анық.

– Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады. Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз. Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз. Заң мен тәртіп – біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп. Ал, біздің идеологиямыз – қарапайым әрі түсінікті. Бұл – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау деген сөз. Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Наурыз – бұл тек көктемнің келуі ғана емес, жаңа үміттер мен жарқын болашақтың бастауы. Бұл – бірлік пен татулықтың, жасампаздық пен жаңа белестерді бағындыруға ұмтылады. Біз бірлігімізбен мықтымыз, мақсатымыз айқын, жолымыз нұрлы. Наурыздың шуақты күндерімен бірге елімізге молшылық, татулық пен амандық келсін! Ұлыс оң болсын!

• НАУРЫЗНАМА

Он күндіктің олжасы

Наурызнама – ұлтты ұйыстырған мейрамның жаңаша сипаты. Былтыр басталған Наурыз тойының он күндігі олжалы. «Тойдың тамашасын емес, тағлымды бақ» дейді. Осы орайда Наурызнаманың әр күні қазақ халқы үшін тағлымды таудай. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіндегі «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатында Наурыз мейрамының жаңарып, жаңғырып келе жатқаны жөнінде атап өтеді.



Сурет ашық дереккөзден алынған

Қасымхан БҰРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өзіміздің төл жаңа жылымыз – өз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан, төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – деп айтқан елі бас басылымға берген сұхбатында.

Жаңа тұжырымдамаға «Наурызнама» деп атау берудің өзі тегіннен емес. Қазақ даласында Наурызды сегіз күн тойлаудың салты мен тәжірибесі туралы белгілі этнограф, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің «Наурызнама» еңбегінде былай деп жазыпты: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама... Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле бірлердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен».

Сонымен, облыс жұртшылығы он күндікті ойдағыдай атап өтіп жатыр. Облыстың мәдениет, архивтер және құжатта-

ма басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмақенов Наурызнама тұжырымдамасы бойынша мынанан аса мәдени іс-шара өтетінін айтады.

– Өңірімізде Наурыз мейрамы Мемлекет басшысы былтыр бекіткен Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес жаңартылған форматта өтіп жатыр. Жалпы 14 наурыз бен 23 наурыз аралығында барлығы 1100-ден астам іс-шара жоспарланған. Кітапханаларда, музейлерде, театрларда, концерт залдарында, мәдениет үйлерінде және ауыл клубтарында балалар мен жастарға арналған концерттер, фестивальдар, конкурстар, кездесулер, эскурсиялар, ойын-сауық бағдарламалары өтеді. Облыстың қала мен аудандарында негізгі мәдени-буқаралық іс-шара 21 және 22 наурызда киіз үй тігіліп, театрландырылған қойылымдармен, концерттік бағдарламалармен, түрлі конкурстармен, спорттық жарыстармен, аспаздық шоулармен (бауырсақ шоу, наурыз көже шоу, палау пати), сондай-ақ, сәндік-қолданбалы өнер мен қолөнер көрмелері өтеді. Облыс бойынша 230-дан астам киіз үй тігіледі, – дейді Еркебұлан Қайроллаұлы.

«Көрісу күні» Сәкен театрының әртістері ұлттық киім киіп алып, қала тұрғындарымен «Көрісу» салтын ұйымдасты-

рыпты. Ал «Қайырымдылық күнінде» Кеншілер мәдениет сарайы Қарағанды қаласының №3 әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Наурыз-думан» қайырымдылық концертін өткізген. Және музейлер «Ігі істер марафонын» ұйымдастырды.

«Шаңырақ» күнінде Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында «Наурыз базарлық» ұйымдастырылып, келген оқырмандарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Сонымен қоса, балаларға киіз үй тігу шеберлік сағатын өткізген. Шет ауданының музейінде құрақ құрау шеберлік сыныбымен «Сыпыра тігу» сағаты өткен. «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні «Армысың, өз Наурыз!» атты облыстық ақындар айтысы дүбірледі. «Сарыжайлау» кинотеатрында мәдениет және ұлттық дәстүрлер туралы деректі фильмдер көрсетілген.

«Ұлттық киім» күні қарсаңында Кеншілер мәдениет сарайында «NAURYZ - FASHION» этно-заманауи киім фестивалі өткен. Сән көрмесіне Алматы, Астана, Қарағанды қалаларынан дизайнерлер мен сәнгерлер өз туындыларын көрермен қауымына ұсынған.

Кешегі өткен «Жаңару» күнінде К.Станиславский атындағы театр «Наурыз» театрландырылған қойылымының қайырымдылық көрсетілімін ұсынды.

«Ұлттық спорт» күні Абай атындағы облыстық кітапханада балаларға арналған ойын турнирі және «Асық пати» сайысы өтті. Музейлер оқушылар мен студенттер үшін қазақ ұлттық ойындарынан: «Тоғызқұмалақ», «Арқан тартыс», «Қол күрес», «Қыз қуу» жарыстарын ұйымдастырады.

«Жыл басы» күнінде Орталық мәдениет және демалыс саябағының жағасында, театр әртістерінің, хореографиялық ұжымдардың және көркемөнерпаздардың қатысуымен «Арқадағы өз Наурыз!» театрландырылған қойылымы өтеді.

«Тазару» күні – наурызнаманың соңғы күні. Бұл күні жер-жерде жалпыұлттық экологиялық акция ұйымдастырылады. Наурызнаманың он күндігі өңірімізде осылайша өрбіп жатыр.

Адал еңбек мұратқа жеткізеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру маңызды екенін атап өтті. Осы орайда биыл сала мамандықтарына бөлінген мемлекеттік тапсырыс 10 мың орынға көбейді. Оның ішінде, 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді.

«Жұмысшы мамандықтары жылында» еңбеккерлік пен кәсіби маман қалыптастыру идеясы дәріптелуде. Президент осы орайда «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажет. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы біз қоғамда еңбеккерлік пен кәсібилік идеяларын насихаттаймыз» деген болатын. Облыста бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысы өткен жылдармен салыстырғанда 1 100 орынға ұлғайтылып, 9 244 орынды құрады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмысшы маман – сураныста

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінде жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет екенін баса айтты. «Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс. Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет кадам» деп атап өтті. Сол себепті, Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Бүгінде осы бағытта аймақта мамандарды сапалы даярлау мақсатында «Жас маман» жобасы сәтті қолға алынууда. Бұл орайда жарактандырылған 9 тірек колледж және тиісті даярлық бейні бойынша 45 магниттік колледж жұмыс істеп тұр.

Мемлекет басшысы атап өткендей, осы колледждерде білім алған жастардың қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттері жоғары бағалануы тиіс. Өз кәсібін жетік менгерген мамандар ұлт сапасын арттырып, қарапайым еңбек адамның мәртебесін көтереді. Аймақта Мемлекет бас-

шысы атап өткен өреден шығатын жастар жетерлік. Мәселен, теміртаулық Ақылжан Елеуғазиннің мамандығы – токарь. Ә.Сағынов атындағы Қарағанды университетінің түлегі бүгінде жұмысшы мамандығын одан әрі дамытып, өз тауарларын брендке айналдырып үлгерді.

– Президенттің жастарға ерекше көңіл бөлетіні қуантады. Қазіргі таңда әрбір жас өзінің ойлап тапқан өнімін брендке айналдыра алады. Мемлекет ұшқыр ойлы жастардың бизнес бастамаларының, жастардың стартап жобаларының белсенді жүзеге асуына қолдау көрсетуде. Бүгінгі күні әрқайсымыздың ең үлкен арманымызды іске асыруға және жеке табыс жолымызды жүріп өтуге мүмкіндігіміз бар. Тек мақсаткерлік, еңбеккерлік және креатив қажет, – дейді Ақылжан Елеуғазин.

«Әкемнен үлгі алдым»

Металдан түрлі мүсіндер жасайтын Ақылжан Елеуғазиннің ұсталық өнерге келгеніне көп болған жоқ. Солай бола тұра, оның жұмысы ерекше өнерді сүйетін қауым арасында үлкен суранысқа ие. Ұсталықтың шекарасын кеңейтуге Теміртау қаласы әкімінің гранты мүмкіндік берді. Бүгінде қолдан жасалған бұйымдарды сатып алушылар шет елдерден де кездесуде.

Ақылжанның ұсталығы әкесінен дарыған. Бүгінде әкесі мен ұлы «Металды



соғу дағдысы және осы саладағы терең білім арқашан табыс әкелуі керек» деген ұстанымда. Осылайша олар отбасылық кәсіпті дөңгелетуге кіріскен. Кәсіпті ашпас бұрын шеберлер «Qatmeb» металлургиялық компаниясында жұмыс істегенін айта кеткен жөн. Зауытта кәсіби тәжірибе жинап, дағдыларын шыңдаған.

– Әкем Теміртауда «Машина жасаушы» мамандығында білім алған. CNC станогында токарь болып жұмыс істеді. Әкемнен үлгі алып, осы іске қызықтым. Содан кейін өз ісімді ашқым келді. Жеке кәсіп ашып, неше түрлі құрылымдар мен пішіндер ойлап тауып, өндіріске шығаруға бел будым, – дейді Ақылжан.

Шеберден бір күнгі жұмысын сипаттап беруін сұрағанымызда, әр күні бір-біріне ұқсамайтынын айтты.

– Егер бір күнгі процесті қысқаша сипаттайтын болсақ, онда алдымен CAD бағдарламаларында дизайн жасалады. Содан кейін металл лазерлік машинаның көмегімен кесіліп, бүгіледі. Алынған бөлшектерді жинаймыз, дәнекерлейміз. Кейін тегістеу, праймер, бояу жұмыстары жүреді. Дәнекерлеу ісін де әкемнен, нақтырақ айтсам, кәсіби дәнекерлеушіден үйрендім, – дейді Ақылжан.

Тұтынушылардың географиясы үлкен

Кәсіпкер ұсталық іспен үш жылдан астам уақыттан бері айналысып келеді. 2024 жылы ол гранттық байқауға қатысып, жеңіске жеткен. Жалға алынған шеберханаға қосымша жабдық сатып алған. Осы уақыт ішінде шебердің қолынан 50-ге жуық дайын мүсін шығыпты. Бүгінде кәсіпкердің өзінің тұтынушылардың географиясы кең. Жұмысты тек аймақ тұрғындары ғана емес, сонымен қатар Астана, Алматы, сондай-ақ, Ресейден сатып алушылар бар.

– Жұмыстарым арқылы Қарағанды, Астана, Алматыдағы үйлер мен ғимарат-



тардың қабырғаларын безендірдім. Кейбір конструкциялар Украинаға, Ресейге және АҚШ-қа тапсырыспен жіберілді, – дейді кәсіпкер.

Өткен жылы темір ұстасы қала әкімінің грантын және мемлекеттік грантты алып, қаржылық қолдауға шеберхананы жаңартқан екен.

– Біз әкімнің 1 миллион теңге грантын иелендік. Оған металл өрнектер жасайтын машина алынды. Сонымен бірге, 400 айлық есептік көрсеткіш сомасына грант алып, қолдаудың арқасында дәнекерлеу машинасы мен кесу машиналарын сатып алдық, – дейді темір ұстасы.

Терезе торлары суранысқа ие

Шеберлер мүсіндерден басқа, терезе торларын да жасайды. Қауіпсіздік үшін жа-

салатын мұндай өнімдер – кәсіпкерлердің негізгі табыс көзі. Жаз бойы шеберханада 200-ден 300-ге дейін тор жасап шығарады.

– Тапсырыс берушінің кез келген идея, ұсынысын шындыққа айналдыра аламыз. Қазіргі таңда қала тұрғындары арасында торлар танымал. Жасап жатқан ісіміздің пайдалы тұсы да бар. Олар үйдің қауіпсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар, балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермейді, – дейді темір ұстасы.

Шебер әр бұйымның сапасына жауапкершілікпен қарайды. Әрбір тапсырыстарды миллиметрден дейін өлшеп, орындау үшін алдымен компьютерде сурет салады. Үш өлшемді кескін зергерлік дәлдікті қажет

ететін жұмыстарды орындауға көмектеседі.

Темір ұстасы болашақта ауқымды жұмыстарды қолға алмақшы. Мемлекеттік тапсырыстармен айналысып, сол арқылы қала мен аймақты абаттандыруға үлес қосуды жоспарлап отыр.

– Еңбек адамы – қоғам дамуының негізі деп жиі айтамыз. Жастар еңбек адамына құрмет көрсету арқылы адал және табанды еңбектің арқасында жеңіске жететінін түсінеді.

Мемлекет пен қоғам еңбек адамдарына лайықты жағдай жасап, олардың еңбегін жоғары бағалайды. Жастар мемлекет берген мол мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануы тиіс. Тірліктің көзін тапқан жандар қашанда дамуға бейім болады деген ұстанымдамын, – дейді жас кәсіпкер.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• НАУРЫЗ – ТАРТУ

Жаңа жылда – жаңа қоныс

Балқаш қаласы әкімдігінде жаңа қоныс иелеріне салтанатты түрде пәтер кілттері табысталды. Қала әкімінің орынбасары Данияр Серіков тұрғындарды Наурыз мерекесімен құттықтап, оларға мықты денсаулық, бақыт және амандық тіледі.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2023 жылдан бері тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында және Ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджет есебінен 79 азамат баспанамен қамтылып отыр. Олардың қатарында 42 әлеуметтік санаттағы азамат жеңілдетілген шартпен несиеге тұрғын үй алды. Баспанаға қол жеткізгендер қатарында көпбалалы отбасылар, жетім балалар, I және II топ мүгедектері, зейнеткерлер, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері бар. Қуаныштарыңызға ортақтасу үшін жиналып отырған мына

қауымның сіздерге айтар тілегі мол. Жаңа үйлеріңіздің іргетасы мықты, керегесі кең, шаңырағы биік болсын. Ішінде тек қана таулық пен береке, қуаныш пен бақыт, құт пен ырыс салтанат құрсын, – деді Данияр Серіков.

Сонымен қатар, жаңа қоныстың иесі көпбалалы ана Күлкен Нуралина мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үшін алғысын білдірді.

Халықты баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары биыл да жалғасын таппақ. Наурыз айының соңына дейін барлығы 135 азамат жаңа пәтерге қоныстанатын болады.

БАЛҚАШ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Қайырымдылықта қайыр бар

Наурызанама онкүндігі аясында Қайырымдылық жасау күнін нұралықтар да кеңінен атап өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, Нұра ауданының орталығындағы Жастар алаңында аудандық білім бөлімінің және мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің қатысуымен мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Атаулы іс-шара жиналған жұртты қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстырудан басталды. Нұра көп ұлттың өкілдері қоныстанған өңір болғандықтан, жергілікті халықтың дәстүрін насихаттау өзекті мәселенің бірі. Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп ұжымы театрландырылған қойылымдар арқылы «баланы бесікке бөлеу» және



«қызға шолпы тағу» дәстүрлерін көрсетті. Қызықтаушылар бұл көріністерді ынтамен тамашалады. Кенттегі мектеп ұжымдары ән шырқап, жұртты думанға бөледі. Алаңда тігілген киіз үйге дастарқан

жайылып, жиналғандар дәмнен ауыз тиді.

Кенттегі мектептер өздерінің инновациялық жобаларымен таныстырды. Айталық, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп ұжы-

мы жасанды интеллекті дамытып, суреттерді жандандыру арқылы Наурыз мерекесіне құттықтау әзірлесе, Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп ұжымы 3D принтерінде асықтар, домбыра және киіз үй макетін шығарып әкелген екен. Аудан әкімі Бақытжан Мұқанов бұл жобаларды жоғары бағалап, одан әрі дамытып, сырттан келген жұртқа Нұра өңірін танытатын кәдесыйлар шығару идеясын ұсынды.

Мерекелік шара аясында арқан тарту, асық ату, таяқ тарту сияқты спорттық жарыстар өтті. Балалардың асық ату ойынына аудан әкімінің өзі де қосылып, мерекелік көңіл күйді жандандыра түсті.

Қайырымдылық күніне арналған іс-шаралар Наурыз мерекесінің рухына сай, бірлік пен ынтымақтасқтың жарқын көрінісі болды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ВОЛЕЙБОЛ

Ала допты алақанда ойнатып...

Балқаш қалалық спорт клубының ұйымдастыруымен «Наурыз-2025» аталған 2011, 2012-2015 жылы туған қыздар арасында волейболдан қалалық ашық біріншілік өтті. Жарысқа барлығы 6 команда қатысып, бақ сынады. Финалға Балқаш спорт клубының 4 командасы шықты.

Жарыстың салтанатты ашылуына Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

– Бұқаралық спортты дамыту, жас спортшыларға қолдау білдіру – басты міндетіміз. Өзара тәжіри-

белерімен бөлісу, ойыншылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру Балқаш спортшылары ерекше жолға қойылып отыр, – деді Ізбасар Шәкенов.

Төртінші рет ұйымдастырылған турнирді алдағы уақытта республикалық, халықаралық деңгейде өткізу жоспарланып отыр.

Командалар арасында өзара тарысты өткен ойындар төрешілердің бекіткен ережесіне сай қорытындыланып, IV орынға «ФОК-4» «Асыл» командасы, жүлделі III орынға «ФОК-2» «ФОК-Айлан» командасы табынды. II орын «ФОК-3», «Жанасыл» бұрымдылардан құралған ойыншыларға бұйырды. Ал, жүлделі I орын «ФОК-Фараби» әуе доп шеберлерінің қанжығасына байланып, чемпион атанды.

Одан бөлек, жүлделі орын иеленген командалар мен үздік ойын

үлгісін көрсеткен жекелеген ойыншылар – Мөлдір Берікбол («ФОК-Жанасыл») «Үздік ойыншы», Айша Хайратбекқызы («ФОК-Фараби») «Үздік шабуылшы», Нұрайым Иса («ФОК-Фараби») «Үздік байланыстырушы», С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының оқушысы 10 жастағы Диляра Жүнісова «Ең үздік жас ойыншы» номинацияларына лайық танылды.

Өз тілшімізден
БАЛҚАШ

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН •
ЖЕҢІЛ ЖҰК КӨЛІКТЕРІҮШІН •
ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ •
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ •
ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН •
АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН •

SM SHINMAX centmax

XBR I IUNK

Қарағанды қ.қойма:Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
8 707 80 35 800 @ shynservice

Сән мен мәдениет симбиозы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен, Кеншілер мәдениет сарайының ұжымы ұйымдастырды.

Фестивальға Қарағанды мен Астана, Алматы қалаларынан 9 дизайнер, тігінші қатысты. Көрермен назарына 90-ға жуық киім үлгісі ұсынылды.

Қазақ халқының мәдени мұрасын заманауи көзқараспен ұсыну, ұлттық киімдерді кеңінен танытпалықтарды дәріптеу – фестивальдың негізгі мақсаты.

– Ұлттық киімдеріміз – әлемдегі ең әдемі, сәнді киімдердің қатарында. Бұлай деп сенімді түрде айта аламыз. Шетелдік қонақтар-



дың ою-өрнекпен әспеттелген киімдерімізге таңдана, қызыға қарағанын талай көрдім. Бүгінгі қазақ жастарының шапан киіп жүргенін көргенде, көңілге қуаныш ұялайды. Шапан, камзол, бөрік кию сәнге айналып келеді. Әсіресе, көктемнің жылы күндерінде шапан киген жігіттерді жиі көретін болдық. Фестивальдың да мақсаты – ұлттық киімді ұлықтау, дәріптеу. Жас буын ұлттық киімін мактан тұтуы тиіс, – деді Кеншілер мәдениет сарайының директоры Саят Әбдіғали.

Заманауи фестиваль арқылы дизайнерлер дәстүрлі ою-өрнек пен стильді қазіргі заман трендтерімен үйлестірген. Ұлттық киімді ұлттық мейрамдарда ғана емес, күнде киетіндей етіп жасаған. Сонымен қатар, сән әлеміндегі жаңа бағыттар көрсетілді. Фестивальдың тағы бір көздегені



– елге танылмай жүрген талантты сәнгерлерді жұртқа таныстыру.

– Мен этностильдегі шапандардың топтамасын ел назарына ұсындым. Фестивальға 1 айдан астам уақыт дайындалды. Былтырғы топтаманың да 2 образды алып шықтым. Себебі, сол топтама режиссерлерге де ұнады. Осындай шаралар біздің елімізге керек деп ойлаймын. Қазақи нақыштағы, бұрынғы ұлттық киімдерді дәріптеп, осындай шара ұйымдастырған Кеншілер мәдениет сарайына алғысымды білдіремін! – деді сәнгер Салия Бейсенова.

– Бүгін қазақстандық суретшілердің картиналарымен безендірілген топтаманды ұсындым. Біздің брендтің өнімдері өз таланттарымыздың туындыларымен сәнделген. Сол таланттарымызды елге танытсам деген ниетім бар. Осындай өнер мен сәннің коллаборациясы халық арасында кеңінен таралып, суретшілеріміздің танымалдығы артады деп сенемін! Өздеріңіз байқап жүргендей, ұлттық нақыштағы киімдер сән әлемінің төріне шықты. Әлеуметтік желіде қазір ұлттық киіммен контент салу трендке айналды. Фестивальдан бөлек, ұлттық киімдерді дәріптеу үшін әрі қарай еңбектенеміз. Ою-өрнектер маған шабыт сыйлайды, – деді сәнгер Людмила Құнанбаева.

Ұйымдастырушылар мен қатысушылар мұндай шаралар ұлттық сән индустриясының дамуына серпін беріп, дәстүрлі колореттің жаңғыруына жол ашады деген сенімде.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• НАУРЫЗ – ДӘСТҮР

Кестелі сөз дестелі ойға жетелеп...

Өз Наурыз Арқаға сән-салтанатпен келді. Жылдағы дәстүрмен айтыс ақындары жұртшылыққа жырмен шашу шашты. Кеншілер мәдениет сарайына лық толған ағайын Арқадағы алты ақынды тыңдады. Ақындардың зілсіз езілі, қағытпа қалжынымен өрілген айтыс өнерсүйер қауымға қуаныш сыйлады.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтысты тізгіндеген белгілі ғалым Жансая Жарылғап бұл жолғы жыр сайысының ерекшелігі Арқаның алты ақыны жұп-жұппен сөз жарыстыратынын айтты. Алдыңғы жылдары тек жас ақындар арасында республикалық, халықаралық деңгейде өтіп келген жыр додасына ұйымдастырушылар биыл өзгешелік енгізуді ұтымды көріпті. Бір-бірімен етене таныс елдегі ақындардың сөз сайысына жиналған қауым бір қанық болсын депті.

– Бұл жыр додасының басты мақсаты – күйші-сазгер Тәттімбет, ақын-сазгер Мәди, халық ақындары Доскей Әлімбайұлы мен Шашубай Қошқарбайұлының бай мұрасын насихаттау. Бұл айтыс – елдік пен бірліктің символы, тарихи тұлғалардың өнегелі жолын дәріптейтін рухани алаң. Алаштың қайсар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің ұлт мүддесін қорғаудағы қызметін, сондай-ақ, академик Евгений Бөкетовтің ғылым мен мәдениетке қосқан елеулі үлесін жырмен жаңғырту керек-ақ. Олай болса, бүгінгідей айтысты ұйымдастырып берген облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығына орасан алғыс білдіреміз, – дей келе, ақындарға орамды ой, олжалы сөз тіледі.

Сонымен, Арқа айтыс ақындарының көшін бастап жүрген Тілеген Әділ мен Айтбай Жұмағұлдың арасындағы айтыс шынайы достықтың жалауын желбіреткендей. Тілеген Айтбай ақынның бір кездері фермер болғысы келгенін, асхана ашып, кәсіп бастағанын, бірақ бұл шаруасының аяқсыз қалғанын қайталап, «ел басқарар кезінде той басқарып жүрсін», деп әзілмен жауап қатты. Ақын Тілеген бұл уәжде «Ұлттық Құрылтайда да той басқару мәдениеті жөнінде мәселе көтерілгенін, аталы сөз айтып, қызыл тілмен халыққа қызмет етіп жүрген мен тойдан кетсем, шоумен басқарып, шу қылады», – деді. Ақын Тілеген әлеуметтік мәселені жырына арқау етті. Ал, Айтбай ақын Евгений Бөкетовтің ағартушылық еңбегін, Жұмабек Тәшеневтің жер үшін тағын да, барын да бергенін ашып жырлады.

Келесі жұп Нұрмұхаммед Байсүгір пен Нұрсұлтан Рымбайдың шаппа-шап айтысы аламан қыздырды. Қос құрдастың қағытпа қалжыны әдемі өрбіді. Нұрмұхаммед Шет ауданының «жалп» етіп сөнетін жарығын жырына қосты.

Сонғы жұптың да жыр додасы соны шықты. «Алтын домбыраны» Арқаға әкелген Мақсат Аханов пен айтысшы ақтангері атанған Дидар Қами арасындағы жарасымды достық, ғажап сыйластық жырмен көрініс тапты. Мақсат ақын тақырыбы көп айтыс екендігін тауып айтып, елді күлкіге қарық қылды. Мақсат Дидар досына доллар сыйлап еді, Дидар «ұстазым» деп ардақтап шапан жапты. Екеуі де ақын Сәттібай замандастарын сағынышпен жырына қосты.

Алты ақынның аламанна филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Қойлыбай Асан мен филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сержан Тахиров қазылық етті.

– Бізде Арқа айтыс ақындарының үлкен мектебі бар. Отызға тарта айтыскер бар. Соның ішінен үлкен аламандарда топ жарып жүрген алты ақын халықтың көңіліне рухани өнер тарту етейік деп алдарыңызға шықты. Өздеріңіз білесіздер, былтыр айтыстың мега жобасы басталды. Қарағанды облысы Семеймен айтысып, жартылай финалға шықты. Енді, мамыр айында Павлодар өңірінің ақындарымен сыңа түседі. Бұл көлімігі сол аламанға қызу дайындық секілді, – деді Қойлыбай Асан.

Сонымен, Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы жұлде Нұрмұхаммед Байсүгірге, Доскей Әлімбайұлы атындағы жұлде Мақсат Ахановқа, Шашубай Қошқарбайұлы атындағы марапат Тілеген Әділге, Жұмабек Тәшенев жұлдесі Нұрсұлтан Рымбайға, Евгений Бөкетов атындағы жұлде Айтбай Ботпайұлына бұйырды. Мұнымен қоса әр ақынға 500 000 теңгеге сертификат табысталды.

Жыр додасында дәстүрлі өнері де асқақтайды. Арқаның дүлдүлдері Сержан Мұсайын, Сырым Хордин мен Гүлмира Таппай әулетіп ән шырқады.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• КӨРМЕ

Көктем лебі

Наурыз мейрамы қарсаңында облыстық бейнелеу өнері музейінде «МастерART» жобасының көрмесі өтті. Мұнда көркемдік-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтарына арналған «Өнерлі шебер» атты шығармашылық практикумы да ұйымдастырылды. Педагогтар жұмыстарын көрмеге қойды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Музей залында он шақты стильді қамтыған, түрлі әдіспен салынған кескіндемелер мен графикалар, мүсіндер, сәндік бұйымдар бар. Барлығынан Наурыз мейрамының жылы лебі еседі.

Көрме тақырыбы – «Көктем мен Наурыз».

Бейнелеу өнері мұражайында көрме ашылғаннан кейін күні бойы мұғалімдер үшін шеберлік сыныптары өткізілді. Мұражай залында қатысушы үшін алты бөлімнен тұратын тәжірибелік сағаттар бағдарламасы әзірленген. Мұнда



педагогтар шығармашылықтарына қажетті жаңа әдістер мен техникаларды меңгерді.

Көшпелі қазақ халқының қы-

мыз, шұбат құятын торсықтар ел назарын аударды. Былғарыға ойып салынған ұлттық аспаптар мен киім үлгілері де жұртты таң қалдырды.

• ТАНЫМ

Жылан жылы жайлы ма?

Арқаға көктем кеш келсе де, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында күн жылып, қар еріп, қара жер көріне бастады. Қылтып көктемнің белгісі көзге түспесе де, көңіліміз гүлден тұр. Күн мен түн тене-лер сәт жақын. Кезекті ұлу жылы тарих қойнауына кетіп, жылан жылы да сусып кіріп келді. Жыл келгенде көңілде «Қалай болар екен?» деген алаң бар. Жылан жылының сырғына үніліп көрейік.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр жыл өзіндік мінез бен қасиетке ие. Әуелден қазақ жылан жылын ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символына балаған. Халық танымындағы жыл санаудың 12 жылдық циклінде жылан жылының тарихына үңілсек, күрделілігімен, жұмбақтылығымен және өзгерістерге толы кезеңдермен ерекшеленіпті. Қазақы жыл қайыруда жылан жылы ұлудан кейін алтыншы тұр. Бұл жылды халқымыз ерекше құрметтеп, жыланға табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде қараған.

Халқымыз жыланға ырыздық пен тыныштық белгісі деп қараған. Үйге кірген жыланның басына ақ құйып, шығарып жіберуі де содан. Бұл – ырыс пен құт шақыру белгісі. Ал, қиын кезеңде жыланның ақылы мен сақтығына көңіл бөлген.

Жылан жылындағы тарихи оқиғалар да ойландырмай қоймай-



ды. Мәселен, өткен ғасырдағы жылан жылы 1905, 1917, 1929, 1941, 1953, 1965, 1977, 1989 жылдарға сәйкес келген. Көзі қаракты оқырман бұл жылдардағы оқиғаларды өзі-ақ түйсінер.

Қытайлықтар жылды «отты жылан», «су жыланы» деп бөліп қарастырады екен. Бірі сынақ арқылы болатын өзгерісті, екіншісі жайлылықты білдіреді.

Сонымен қатар, жылан жылы туғандарға қарап, жақсылыққа жоруға әбден болады. Жылан жылында Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев туған. Бұл қатарға Пабло Пикассо, Индира Ганди, Аристотель Онассис, Мұстафа Кемал Ататүрік және басқа да бірқатар тұлғаны жатқызуға болады.

Сонымен қатар, Адам ата мен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsha Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісулы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шег, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жағнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Оқырмандар назарына!
Газеттің келесі саны 27 наурыз, бейсенбі күні шығады

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJIBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 719
№31 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ержанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ**